

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Экономика және бизнес Жоғары мектебі
«Менеджмент» кафедрасы

«Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу»

2022-2023 оқу жылының 2 семестрі

**6B04102- «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру
бағдарламасы**

Әлеуметтік сфераның экономикалық модельдер типологиясы

Дәріскер: Смағұлов Асқар Мұратұлы

Алматы, 2023




4 Дәріс жоспары:

- **Әлеуметтік модельдердің принциптері**
- **Әлеуметтік сфера қызмет етуін ұйымдастыру типтері**
- **Халықты әлеуметтік қорғаудың шетелдік модельдері**

Бұл дәрісте шетел елдерінде табысты жүйеде халықты әлеуметтік қорғаудың модельдері қарастырылған.

**"БІЗДІҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ —
АДАМДАРДЫҢ БАРЛЫҚ
СҰРАНЫСТАРЫНА ТЕЗ ЖАУАП
БЕРЕТІН "ЕСТИТІН" МЕМЛЕКЕТ
ТҰЖЫРЫМЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ"**



Қазақстанда әлеуметтік жұмысты дамыту үшін әлем елдерінде жинақталған тәжірибені зерделеу, түсіну және пайдаланудың маңызы зор. Әлеуметтік жұмыстың әртүрлі түрлерін топтастыру әмбебап емес және әртүрлі елдерде өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін.



Әлеуметтік модельдердің принциптері

- жеке меншік принципі;
- еркін бәсеке мен кәсіпкерлік қамтамасыз ету принципі;
- ақша айналымының тұрақтылығы принципі;
- мемлекеттің шектеулі ролі принципі;
- еркін нарық пен әлеуметтік теңестіруді икемді және балансталған ұштастыру принципі;
- жалпы ұлттық мүдде мен экономикалық процесстің барлық қатысушыларына тең бәсекелік жағдайды кепілдендіруді ұштастыру принципі;
- меншік құқығын қорғау және бұл құқықтарды іске асыру үшін қолайлы жағдай жасау принципі.

Әлеуметтік сфераның экономикалық модельдері келесі параметрлерге тиесілі болуы керек:

Әлеуметтік-
экономикалық
қатынастар
гуманизациясы

Елдің экономикалық дамуы негізгі ғана қажеттіліктерді қанағаттандыратын деңгейге жеткен кезде, адамның тіршілік етуіне қолайлы жағдай жасау;

Жұмыскерлердің парасатты қажеттіліктерін қанағаттандыру жолымен жететін шығармашылық еңбекті дамыту есебімен ғылыми техникалық революцияға қол жеткізу;

Мемлекетті қоса жұмыскерлер мен еңбекке қабілетті халық арасында бұл екі қоғам күштерінің құқықтары мен міндеттерін анық бөлу негізінде әлеуметтік серіктестіктің теңдік қарым-қатынасын дамыту

Әлеуметтік сфера моделін айқындауда әдістемелік ескеру маңызды:

- нарықтық экономика жағдайында мемлекет ретінде әлеуметтік-экономикалық таңдау тапсырмасын шешу;
- әлеуметтік кепілдемені кеңейту мен өзін-өзі қамтамасыз ету бойынша шаралар; проблеманы ағымды кешіктірусіз шешу қажеті мен стратегиялық келешектегі әлеуметтік қолайлылық арасында;
- экономикалық бейімделушілік мүмкіндіктерін әлеуметтік сфера бұзбас үшін әлеуметтік және экономикалық саясатты баланстауға жеткізілуі;
- өндірістугі әр азаматтың қатысуының мүмкіндіктері мен қоғам дамуының қамтамасыз етілуі.



Әлеуметтік бағытталған экономиканың моделдерін типологиялаудың критерийлері

Ұлттық басымшылық ортасындағы (әдеттегідей, әлеуметтік әлауқаттылық пен экономикалық өсу арасындағы балама туралы айтылуда) экономикалық саясаттың орны;

мемлекеттік, азаматтық қоғам және кәсіпкерлік секторлары арасында әлеуметтік функцияны бөлу;

жалпы ішкі өнімді қайта бөлу мөлшері ретінде және мемлекеттік сектордағы үлесімен анықталатын мемлекеттік сектордың ауқымы;

әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері (бұл критерий әлеуметтік саясаттың, мақсатары мен құралдарының өзгешіліктерін ұйғаруда)

Әлеуметтік сфера қызмет етуін ұйымдастыру типтері

- **Континенттік, немесе германдық (алмандық) тип.** Ол Германиядан басқа Австрия, Бельгия, Нидерланды, Швейцария және аздап қана Францияда қолданылуда. Бұл типке тән қасиеттер: бюджет арқылы жалпы ішкі өнімді (шамамен 50 пайыз) жоғарғы қайта бөлу мөлшері негізінде; жұмысберушілер есебінде сақтандыру қорларын қалыптастыру; әлеуметтік серіктестіктің дамыған жүйесі, жұмыспен қамтуды толықтай немесе жартылай қолдауға ұмтылу;
- **Англосаксондық тип.** Ол Ұлыбританияда, Ирландияда және де Канадада қолданылуда және бюджет арқылы жалпы ішкі өнімді (шамамен 40 пайыз) неғұрлым төмен деңгеймен қайта бөледі, мемлекеттің жұмыспен қамту саясатының артықшылықты енжарлы сипатта болуы, әлеуметтік қызмет көрсетудегі жеке және қоғамдық компаниялар мен ұйымдардың жоғарғы сыбағалы салмағы (“комфорттылықтың” немесе қолайлылықтың және өмір сапасының әртүрлі жиынтық индекстері бойынша Канада бүгінгі күнде дүние жүзінде бірінші орынға шығуда);

Әлеуметтік сфера қызмет етуін ұйымдастыру типтері

- **Скандинавтық тип** — Швеция, Дания, Норвегия, Финляндияда қолданылады. Әлеуметтік сфераның қызмет етуін ұйымдастырудың бұл типі әлеуметтік нарықтық экономикаға емес, әлеуметтік–демократиялық типке жатқызылады. Скандинавтық модел үшін мемлекеттің экономикалық әрекет мақсаты ретінде әлеуметтік әл-ауқаттылықты түсіну, әлеуметтік ынтымақтастық, теңдік идеяларын жүзеге асыру мен әлеуметтік саясаттың белсенді жеңілдетілген сипаты, бюджет арқылы орындалатын өте белсенді әлеуметтік саясат сипаты тән.
- **Жерортатеңізі типі** – оңтүстік Еуропа (Греция, Испания және Италия) елдерінде жүзеге асырылуда. Бюджет арқылы бөлінетін жалпы ішкі өнім мөлшері бұл жерлерде құбылмалы болып табылады: Греция мен Италияда 60 пайыз шамасында және Испанияда 40 пайызға дейін. Әлеуметтік саясат жәбірленген азаматтар категориясының мүддесін басымшылықты ескереді және тегіс қамтылған сипатты иеленбейді. 90-жылдары көптеген дамыған елдерде кездескен қаржы проблемалары әлеуметтік функцияның жүзеге асыру әдістеріндегі нақты ілгері басушылықта себепші болды.

Мысалы, Германияда соңғы жылдардағы әлеуметтік жұмыстың негізгі түрлері дәстүрлі түрде келесі бағыттар бойынша топтастырылған: а) әлеуметтік сақтандыру; б) әлеуметтік қамсыздандыру; в) әлеуметтік көмек. АҚШ-та әлеуметтік жұмыстың әртүрлі түрлерін топтастырудың негізі күш салу объектісі болып табылады. АҚШ-та: а) жеке адаммен әлеуметтік жұмыс; б) ұқсас жағдайға тап болған адамдар тобымен әлеуметтік жұмыс; в) қоғаммен әлеуметтік жұмыс.

АҚШ

Америка Құрама Штаттарындағы қазіргі әлеуметтік қорғау жүйесі мен еуропалық үлгілердің көпшілігінің ерекшелігі мен негізгі айырмашылығы оның орталықсыздандырылуы болып табылады. Ол федералды немесе штаттық заңмен немесе федералды және штаттық үкіметтермен реттелетін әртүрлі әлеуметтік бағдарламалардан тұрады. Сонымен қатар, жеке бағдарламаларды жергілікті билік қабылдайды. Бұл тәсіл белгілі бір аймақтағы әлеуметтік көмекке қажеттілікті жеткілікті толық және жедел есепке алуға мүмкіндік береді.

АҚШ-тың мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі екі негізгі формаға негізделген: қаржыландыру көздері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін әлеуметтік сақтандыру және мемлекеттік әлеуметтік көмек. АҚШ-тың «Әлеуметтік қамсыздандыру туралы» заңы (1935 ж.) әлеуметтік сақтандырудың екі түрін белгіледі - жасы бойынша зейнетақы және жұмыссыздық бойынша жәрдемақы. Заң кедейлердің жекелеген санаттарына, бірінші кезекте мүгедектер мен жетімдерге көмек көрсету шараларын қарастырды. Уақыт өте келе заң әлеуметтік сақтандырудың жаңа нысандарын енгізетін көптеген түзетулер ала бастады: - асыраушысынан айырылған жағдайда зейнетақы төлеу; - өндірістік жарақатпен байланысты емес мүгедектік бойынша жәрдемақы; - 65 жас және одан жоғары жастағы медициналық сақтандыру құқығы



Әлеуметтік қорғаудың корпоративтік үлгісіндегі сақтандыру механизмінің маңыздылығын зейнетақымен және медициналық қамтамасыз ету, жұмыссыздықтан сақтандыру жүйесінің жұмыс істеу мысалдарынан көруге болады.

Германияда, Австралияда, Францияда, Италияда, Грецияда және басқа континенттік Батыс Еуропа елдерінің көпшілігінде зейнетақымен қамтамасыз ету тарихи түрде белгілі Бисмарк моделі негізінде қалыптасты, мұнда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі ынтымақты өзара көмекке негізделген. жұмыс берушілер мен қызметкерлер.

Әлеуметтік сфера қызмет ету бөлігіндегі экономикалардың негізгі сипаттары

- шектелген жалғыз нарық пен мемлекет;
- бәсекені қорғау;
- әлеуметтік серіктестік;
- нарықтық еркіндік пен мемлекеттің шаруашылықты реттеу ауқымын анықтай алатын стандарттардың, көрсеткіштердің, индикаторлардың әлемде болмауы;
- әлеуметтік-экономикалық процесстегі халықтың қатысу мүмкіндіктерін кеңейту;
- әлеуметтік әділеттілік;
- құқықтық мемлекет моделін басқару бөлігіндегі нарықтық экономикадағы әлеуметтік сфера моделінің ұқсастығы.

Көптіктегі біртұтастың елеулі мезеттеріне келесілерді жатқызуға болады:

ынтымақтастық пен әлеуметтік сақтандыру принциптерінің ұштастырылу;

әлеуметтік қамтамасыздандырудың үш деңгейлі жүйесін құру (базалық, қосымша, арнайы);

әлеуметтік қамтамасыздандырудың және әлеуметтік қорғаудың құқықтық базасын құратын және мемлекеттік бюджеттен осы мақсаттарға ірі қаржы соммасын бөлетін мемлекеттің белсенді ролі;

“трипартизм”, әлеуметтік серіктестіктің бірлескен іс-әрекеті – мемлекет, жұмысберушілер (кәсіпкерлік ассоциациялар) және жұмысшылар (кәсіподақтар).

Ауыспалы экономика типіндегі мемлекеттің әлеуметтік сфера моделін қалыптастыруындағы мақсатқа сәйкес ескерілетін факторлар

- Адамның экономикалық еркіндігі мен кәсіпкерлердің құқықтарын және жалданушы еңбек тұлғалары мен олардың тарифтік автономияға кәсіподақтарының мойындау қажеттілігінің факторы. Бұл еңбек пен капитал арасындағы әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу негізінде жатқан фактор;
- Экономикалық демократияны өндіру қажеттілігінің факторы. Оның жүзеге асырылуы азаматтарға өздерінің экономикалық және әлеуметтік құқықтарын атқаруға мүмкіндік береді;
- Нарықтық реттеу үлесіне сенімнің болуын қамтамасыз ететін фактор;

- Қоғамдағы болып жатырған жағдайға қоғамның барлық мүшелерінің жауапкершілікті қылдыру қажеттілігінің факторы. Бұл ынтымақтастық, бірдей қатысуды және әзір жұмыс істемейтін бүкіл қоғамды-балалар немесе енді жұмыс істемейтіндерге, әртүрлі себептер бойынша еңбекке қабілетсіздерді қамқорлыққа алуды білдіреді. Құқықтық реттеу көмегімен әлеуметтік құқықтық мемлекет өз азаматтарының әртүрлі категорияларындағы табыстардың заңсыз алшақтығына жол бермейді және олардың жоғарғы экономикалық қорғалуын қолдайды;
- Әлеуметтік сфераға-жұмыспен қамту, табыс, өмір сүру деңгейі, білім беру, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау және т.б., нарық қарекетін бұзуға жол бермейтін, ең алдымен, нарық күштерінің ойынына, нарықтағы тәртіп ережелерін шығару мен орындауға, экономикалық және әлеуметтік өмір ағымын реттеу үшін сәйкес жағдай құруға мемлекеттің жауапкершілігін жүзеге асыру факторы.

Қорытынды:

Әлеуметтік сфераның экономикалық моделінің бүкіл ұлттық ерекшеліктерінде, олардың эволюциясындағы жалпыға ортақ тенденциясы бар екендігін ерекше ескеру қажет



Президент Казахстана
Касым-Жомарт Токаев



«
Ең алдымен, бізге «Жастар саясаты туралы» жаңа кешенді бағдарлама керек деп санаймын. Онда қазіргі жаһандық үрдістер мен жастардың сұраныстары жан-жақты ескерілуі тиіс. Жаңа бағдарлама арқылы жастарға сапалы білім беру, жұмысқа тұру, қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету тетіктері ұсынылу керек



Әдебиеттер:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев **ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ-Нұр-Сұлтан, 2022 ж. 1 қыркүйек.** <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
2. Жансейіт Түймебаев «ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 01.06.2022 жылғы тапсырмалары аясында ҚР ҰҒА әлеуметтік ғылымдар саласы қызметін орта мерзімді уақытқа реформалаудың міндеттемелері туралы». <https://www.kaznu.kz/kz/3/news/one/28576/> 20.06.2022
- 3.. Кылышбаева Б.Н., Дуйсенова С.М. Әлеуметтік жұмыстағы ұйымдастыру, әкімшілік және басқару. -Алматы: Қазақ университеті 2021. –153
- б.4. Сарыбаева И.С. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. –204 б.
5. Омарова А.Т., Мамытканов Д.К. Әлеуметтік жұмыстың этикалық негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 134 б.

The background features a central orange-to-yellow gradient. At the top, there are wavy lines in shades of teal and blue. On the left and right sides, there are faint, stylized silhouettes of people in various poses, including one pointing upwards and another with a hand to their face.

**Назар
аударғандарыңызға
рахмет!**